

Бірынғай бюджеттік жіктемеге N 50 толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2001 жылғы 4 мамырдағы N 232 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 8 маусымда тіркеуді. Тіркеу N 1543

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Z000131_ Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z010177_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңына және "Алматы облысының әкімшілік орталығын көшіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 14 сәуірдегі N 585 U010585_ жарлығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ "Бірынғай бюджеттік жіктемені бекіту туралы" бұйрығына келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірынғай бюджеттік жіктемесіне:

бюджет шығыстарының функционалдық жіктемесіне:

1 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" функционалдық тобында:

1 "Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар" кіші функциясы 103 "Жергілікті өкілді органдардың аппараты" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"98 Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру бойынша шаралар";

2 "Қаржылық қызмет" кіші функциясында:

259 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын коммуналдық меншіктің атқарушы органы" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"98 Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру бойынша шаралар";

260 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын қаржы атқарушы органы" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"98 Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру

бойынша шаралар";

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобында 1 "Құқық қорғау қызметі" кіші функциясында 251 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ішкі істер атқарушы органы" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"98 Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру бойынша шаралар";

5 "Денсаулық сақтау" функционалдық тобында 9 "Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер" кіші функциясында 254 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын денсаулық сақтау атқарушы органы" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"98 Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру бойынша шаралар";

6 "Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек" функционалдық тобында 9 "Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер" кіші функциясында 258 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын еңбек және халықты әлеуметтік қорғаудың атқарушы органы" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"98 Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру бойынша шаралар";

8 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" функционалдық тобында 3 "Ақпараттық кеңістік" кіші функциясында 261 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мұрағат қоры атқарушы органы" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"98 Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру бойынша шаралар";

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау"

функционалдық тобында 9 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзге де қызметтер" кіші функциясында 257 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ауыл шаруашылық атқарушы органы" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"98 Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру бойынша шаралар";

13 "Басқалар" функционалдық тобында 9 "Өзге де" кіші функциясында:

105 "Әкімдер аппараты" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"98 Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру бойынша шаралар";

217 "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі"
мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"51 Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру бойынша шаралар";

263 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім, мәдениет, спорт және туризм атқарушы органды" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"98 Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру бойынша шаралар";

272 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын экономика, кіші және орта бизнесі қолдау, мемлекеттік сатып алу атқарушы органды" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"98 Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру бойынша шаралар";

273 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын инфрақұрылым мен құрылыш атқарушы органды" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"98 Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру бойынша шаралар";

274 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын тұрғын үй-коммуналдық, жол шаруашылығының және көліктің атқарушы органды" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"98 Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру бойынша шаралар";

15 "Ресми трансфертер" функционалдық тобында 1 "Ресми трансфертер" кіші функциясында 113 "Алматы облысының әкімі" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі бойынша 18 "Республикалық бюджеттен алынатын трансфертер" бағдарламасы мынадай мазмұндағы кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"30 Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру бойынша шаралар".

2. Заң қызметі (К. Әбдікалықов) және Бюджет (Б. Сұлтанов)
департаменттері осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және оған қол
қойылған күннен бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таратылады.

Министр

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК